КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 17 қаңтар №4712-24-00-2/5012 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Тулебаева», басшысы Тулебаева Жазира Ережеповна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226, 229 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

ЖК «Тулебаева», басшысы Тулебаева Жазира Ережеповна, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Тулебаева», басшысы Тулебаева Жазира Ережеповнадан мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2025 жылғы 17 қаңтарда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.02.2025, судья Метеркулова Г. О., 24.02.2025

4712-24-3-1/4643